

1 тарау

Жалпы ережесі

Келісімнің 1.12. тармағындағы «әр тараптан үш адамнан» сөздері «әр тараптан төрт адамнан» сөздеріне өзгертілсін.

4 тарау

Жұмысшылардың босауы және олардың еңбекпен қамтылуына септік ету.

4.2.1 тармағында Штаттық немесе сандық қысқарту болатын жағдайда жұмыста қалуға талассыз құқыққа ие болады -жол қосу:

- республикалық деңгейде өзіндік **кәсіби жетістіктері бар** қызметкерлер (конкурстарға қатысушылар, әдістемелік материалдардың авторлары/құрастырушылары, республикалық комиссиялардың мүшелері).

5 тарау

Жұмыс уақыты және демалыс уақыты

5.2.3 тармағында Төменгі жағдайларда жұмысшыларға, олардың жазбаша өтініштері бойынша, жалақы сақталмайтын демалыс беріледі – жол қосу:

- **тұрмыстық жазатайым оқиғалар (өрт, су тасқыны және басқа да белгілі бір жағдайлар)**, сондай-ақ көлікте (жол-көлік оқиғалары) болған оқиғаларда қызметкерлерге - 5 тәулікке дейін;

5.2.6-тармақтағы «Тараптар ақылы демалысты үш күнге дейін ұлғайтуға уағдаласты» деген сөздер «Тараптар негізгі ақылы еңбек демалысының ұзақтығын күнтізбелік үш күнге ұлғайтуға уағдаласты» деген сөздермен ауыстырылсын.

5.2.6-тармақтағы

- бас бухгалтерлерге, бухгалтерлерге;
- бас экономистерге, экономистерге;
- мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджерлерге (мамандарға);
- кітапханашыларға;
- медицина қызметкерлеріне

деген сөздер «педагог лауазымын атқаратын қызметкерлерді қоспағанда, барлық қызметкерлерге» деген сөздермен ауыстырылсын

5.2.6 тармақ келесі абзацпен толықтырылсын:

Тараптар келесі қызметкерлердің **ақылы еңбек демалысын ұлғайтуға** келісті:

- бір білім беру ұйымында 10 және одан да көп жыл жұмыс істейтін бас бухгалтерлерге, бухгалтерлерге, бас экономистерге, экономистерге - алты күнге дейін;
- білім беру ұйымдарының кәсіподақ комитетінің мүшелеріне - үш күнге дейін.

5.13 тармақ Кәсіподақ комитетінің босатылмаған төрағасы болып табылатын қызметкеріне күнтізбелік бес күн санында қосымша ақылы демалыс белгіленсін деген деген сөздері **мынадай редакцияда жазылсын**: Кәсіподақ комитетінің босатылмаған төрағасы болып табылатын қызметкеріне күнтізбелік алты күн санында қосымша ақылы демалыс белгіленсін.

6 тарау

Еңбек ақы мен еңбек нормалары

6.22-тармақта 1-абзацтың «Тараптар жұмыстың жұмыскерлер кінәсынан болмай тоқтап тұрған күндері үшін қызметкерлерге, көтермелер, қосымша және үстеме ақыларсыз ағымдағы жалақы мөлшерінде ақы төленетіндігімен келісті» мәтіні мынадай редакцияда жазылсын «Тараптар жұмыскерлердің кінәсінен емес бос тұрып қалуда жалақы ағымдағы жалақы мөлшерінде төленетіні туралы келісімге келді».

Келісімнің 6-бөлімі мынадай мазмұндағы 6.28-тармақпен толықтырылсын: «Жұмыс берушілер білім беру ұйымдарының штат кестесінде кір жуу машиналарының оператор жұмысшыларына 3-тарифтік (біліктілік) разряд белгілесін».

Келісімнің 6.6-тармағының 7-абзацы «Негізгі лауазымы (кәсібі) бойынша жұмыс уақыты шегінде қосымша жұмысты орындайтын қызметкерлерге лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағын кеңейткені) үшін қосымша ақы қызметкердің өзінің лауазымдық жалақысының 50% -ына дейін құрайды» деген сөздер мынадай мазмұндағы мәтінмен ауыстырылсын: «Лауазымдарды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймағын кеңейткені үшін қосымша ақы орындалатын жұмыстың тиісті көлеміне, бірақ лауазымдық жалақының 50% артық емес».

8 тарау

Еңбек пен денсаулықты қорғау

8-бөлім мынадай мазмұнда 8.7-тармақпен толықтырылсын:

Қоғамдық жұмысты ынталандыру және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды бақылау сапасын арттыру мақсатында жұмыс беруші техникалық

инспекторды жылына бір рет Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне Жұмыс берушінің актілерінде көзделген нысандарда, оның ішінде ақшалай сыйақы төлеу түрінде көтермелейді.

10 тарау **Кәсіподақтың міндеттемелері**

10.3-тармақ «Еңбек ақы төлемінің мерзімдеріне бақылау жүргізу» деген сөздер мынадай мазмұнда ауыстырылсын: «Жалақы беру мерзімдерін, жалақы қорының, жалақыны үнемдеу қаражатының, бюджеттен тыс қордың және білім беру ұйымының өзге де қорларының дұрыс жұмсалуды бақылауды жүзеге асыру»

10 тарау 10.18 және 10.19-тармақтармен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

10.18 тарау. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру

10.19 тарау Білім беру ұйымдарында «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру

Келісімге 1 қосымша **ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСУ КОМИССИЯСЫ** **ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

4-тармақ. «Білім ұйымдары мен қызметкердің арасында болатын барлық санаттағы жеке еңбек даулары, еңбек дауы тарапының өтініші бойынша, білім беру ұйымында құрылған келісу комиссиясында, сондай-ақ білім бөлімінің (білім басқармасы) деңгейінде құрылған келісу комиссияларында да өтініштердің **иерархиялық принципін сақтай отырып** қаралуы мүмкін. Еңбек дауы тараптарының тиісті деңгейдегі комиссияны таңдау бойынша пікірлері сәйкес келмеген жағдайда, басымдық қызметкердің таңдауына беріледі.»

Мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім ұйымдары мен қызметкердің арасында туындаған барлық санаттағы жеке еңбек дауларын еңбек дауы тарапының өтініші бойынша білім беру ұйымының келісу комиссиясы не білім бөлімі (білім басқармасы) деңгейінде құрылған келісу комиссиясы қарауы мүмкін. Еңбек дауының тараптары арасында тиісті комиссияға шағымдануды таңдау бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда, басымдық қызметкерге беріледі.

Келісімнің 4-қосымшасына 1 және 2-кесте
(Қоса беріледі және Қосымша келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады)